

Барлық, бәрі есімдіктері
Местоимения **барлық, бәрі**

Жалпылау есімдіктері - екі немесе одан да көп заттар мен құбылыстарды біріктіре жинақтай айту үшін қолданылатын сөздер. Жалпылау есімдіктері: бәрі, барлық, барша, бар, бүкіл, бүтін, күллі, түгел. Олар жіктелмейді.

Собирательные местоимения - слова, использующиеся для обозначения совокупности предметов и явлений. Они не спрягаются.

*Бұл кинотеатрда **барлық** фильмдер қазақ тілінде өтеді.*

*Бұл кинотеатрда фильмдердің **бәрі** қазақ тілінде өтеді.*

*Біз **бәріміз** тауға шығамыз. Біз **барлығымыз** қазақша сөйлейміз.*

Тәуелденіп барып септеледі.

Атау	барлығы	бәрі	түгелі
Ілік	барлығының	бәрінің	түгелінің
Барыс	барлығына	бәріне	түгеліне
Табыс	барлығын	бәрін	түгелін
Жатыс	барлығында	бәрінде	түгелінде
Шығыс	барлығынан	бәрінен	түгелінен
Көмектес	барлығымен	бәрімен	түгелімен

деп ойлау, менің ойымша

«деп ойлаймын», «менің ойымша» құрылымдары сөйлеушінің ойға қатысты көзқарасын білдіреді.

Сочетания «деп ойлаймын», «менің ойымша» выражают отношение говорящего происходящему.

*Бүгін жаңбыр жауады **деп ойлаймын**. (Я думаю, что сегодня пойдет дождь.)*

«Менің ойымша» қыстырма сөзі сөйлем басында келсе, одан кейін үтір қойылады.

Если сочетание «менің ойымша» употребляется в начале предложения, то после него ставится запятая.

*Менің **ойымша**, бұл өте тиімді әдіс. (По моему мнению, это очень эффективный метод.)*

-еке/-әке қосымшасы

Суффиксы **-еке/-әке**

-еке/-әке қосымшасы сыйлау немесе кішірейту, еркелету мақсатында кісі есімдеріне және кейбір зат есімдерге жалғанады.

Мысалы, бай - байеке, бастық - басеке, құда - құдеке.

Суффиксы **-еке/-әке** присоединяются к собственным именам и к некоторым именам существительным и выражают уменьшительно-ласкательные и уважительные значения.

Мәке, хал қалай?

Алло, Айеке, бұл мен зой.

Жасалуы.Образование:

-ке(н), -еке(н), -е(н)

-қа(н), -ақа(н), -а(н)

Дүйсеке

Жездеке

Тоқан

-дәй/-дей . жұрнағы
Суффикс *-дай /-дей...*

Есім сөзден туынды сын есім жасайтын жұрнақтар.
Аффиксы образующие прилагательные от имен:

-дай, -дей, -тай, -тей

Астанадай әдемі қала жоқ. (Нет города красивого, как Астана)

Жасалуы. Образование:

Зат есім + -дай, -дей, -тай, -тей:
Сущ. + -дай, -дей, -тай, -тей

Ол баладай қуанды. (Он обрадовался как ребенок.)

Зат есім + тәуелдік жалғау + -дай, -дей, -тай, -тей:
Сущ. + притяжательность + -дай, -дей, -тай, -тей:

Сені інімдей көремін. (Я отношусь к тебе как к младшему брату.)